

Медициналық мекемелерінің гигиенасы

Орындаған: Бәйген Н.П

Тобы: ҚДС13-002-01

Курс: 5

Қабылдаған:

Жоспар

- Медициналық мекемелерінің гигиенасы
- Медициналық қызметкерлердің еңбегіне және іс әрекетіне инвентарларға мекеменің санитарлық жағдайына қойылатын гигиеналық талаптар.

Медициналық мекемелерінің гигиенасы
(аурухана гигиенасы), аурухана ішілік орта
факторларының науқастар мен медицина
қызметкерлеріне әсерін зерттеп, науқастардың
ауруханада болу жағдайын жақсартуға, емдеу
үрдістерін нәтижелі жүргізуге, медицина
қызметкерлеріне қолайлы еңбек жағдайын
жасауға бағытталған гигиеналық нормативтер,
талаптар, ережелер дайындайды.

Аурухана мекемелеріне жер учаскесін таңдау барысында міндетті түрде мемлекеттік санитарлық мекемелердің келісімін алу қажет. Аурухана мекемелері темір жол, әуе жайы үлкен магистралды жолдардан физикалық әсер ететін факторлардан іс жүзіндегі қолданысқа ие нормативтік құжаттарға байланысты алшақ орналастырылуы керек.

Сонымен, ауруханаларды жоспарлау, құрылысын салу және жұмыс істеу кезінде, ауруханаларды гигиеналық тұрғыдан аббаттандыру сұрақтарын тиімді шешу үшін, келесі қағидаларды іске асыру керек:

1. Стационарда науқастардың болуына қолайлы жағдай туғызу, емдік-қорғаныс тәртібін қамтамасыз ету;
2. Аурухана ішілік инфекцияларды болдырмау;
3. Тиімді емдеу үрдістері мен алдын алу шараларын жүргізуге асыру үшін жағдай туғызу;
4. Медицина қызметкерлері үшін қолайлы еңбек жағдайын жасау;
5. Рационалды тамақтануды ұйымдастыру үшін жағдай жасау;
6. Ауруханада жаңа емдеу, диагностика әдістерін, жаңа аспаптар мен жабдықтарды енгізу үшін жағдай қамтамасыз ету;
7. Ауруханада медицина кадрларын дайындауға мүмкіншілік туғызатын жағдайларды қамтамасыз ету;
8. Науқастар арасында санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізу және салауатты өмір салтын насихаттау үшін жағдайлар туғызу.

**Аурухана
ұйымдарының
жер
учаскесінің
көгалдандыры
луы жалпы
жер көлемінен
60 % пайыздан
кем болмауы
керек**



Ауруханалық санитарлық өткізу



Операциондық блоктар жеке немесе жекеленген секцияларда орналасуы қажет.



Септикалық және асептикалық операциялық блоктың жекеленген екі есікпен жабдықталуға тиіс.



**Операциялық блоктар бірінің үстіне бірі
орналасқан жағдайда асептикалық болктан
септикалық блокты жоғары орналастыру**



**Емдеу мекемелерінің ғимараты ұрмелі –
сормалы механикалық вентиляция мен
жабдықталуы тиіс.**



